

ИМАН НҰРЫ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙТІН ҰЛЫ САПАР

Қажылық – Ислам дінінде бес парыздың бірі. Бұл құлшылық белгілі мекендерді, белгілі бір күндері арнайы рәсімдерді орындау арқылы жүзеге асады. Қажылық – мұсылманның рухани болмысын қуаттайтын, жүрегін нұрландырып, тақуалыққа жетелейтін маңызды құлшылық. Ол адам баласының сабырын арттырып, қарапайымдылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелейді. Қажылық – Алланың пенделеріне берген сауапқа толы зор мүмкіншілігі.

Қажылық – араб тілінде «әл-хажжу» деп аталады. Тілдiк мағынасы «ұлық тұтқан нәрсеге талпыну және ниеттену, оны мақсат тұту» деген сөз. Құран Кәрімде қажылық жайлы бірнеше аят келген. «Әли Имран» сүресінің 97-аятында: «Алланың үйін зиярат етуге шамасы келетін әрбір адам үшін қажылыққа бару – оның мойнындағы Алланың ақысы. Ал кімде-кім күшінің жетпейтінше, қажылықты жоққа шығарса, біліп қойындар, Алла ешкімге мұқтаж емес, керісінше бүкіл ғалам Оған мұқтаж», – деген.

Кез келген құлшылықта даналық пен сыр бар. Қажылықтың да Исламдағы орны жоғары. Адамға берер пайдасы да, даналығы да өте мол. Бұл қасиетті сапар кімге нәсіп болса, ол Алланың пендесіне деген кеңшілігі екенін білуі қажет. Өйткені Алла Тағала: «(Ұа, Мұхаммед!)»: «Оларға: Бұл тек Алланың шексіз шапағаты мен рахымның арқасы. Ендеше, (адамдар) осыған қуанысың! Өйткені бұл олардың бүкіл-жүзін тергенінен әлдеқайда артық», – деп айт», – деген («Жүніс» сүресі, 58-аят).

Қажылық – пенденің Аллаға деген махаббатын арттыратын құлшылық. Қасиетті Құранда: «Өйтсе де кезінде Ибраһимге қасиетті үйдің (Қағбаның) орнын белгілеп бергенімізде оған: «Маған еш нәрсені сөз етіп қоспа. Үйдің тауап ететіндер мен онда қиямда (тік) тұрып, руқуқ жасап, сәжде етіп құлшылық жасайтындар үшін таза ұста», – деп, бұйырған едік», – деген («Хаж» сүресі, 26-аят).

Қажылық әлем мұсылмандары арасына сүйенішшілік орнатады. Ол жерде болған адам барлық мұсылмандардың түсіне, тіліне, ұлтына, жеріне, еліне, дүниесіне, денсаулығына қарамай бір киімде, бір жерде, бір уақытта, бір құбылаға бет бұрып, бір Аллаға жалбарынады. Жер бетіндегі құлшылығын бір дене іспетті екенін сезініп, Алла Тағалаға «Шын мәнінде мұминдер бір-біріне туыс» («Хұжұрат» сүресі, 10-аят) деген ақиқатын көзбен көреді.

Қажылық барлық құлшылықтың түрін қамтиды. Намаз, садақа, құрбан шалу, тауап, Құран оқу, зікір ету, дұға тілеу, истигфар және т.б. барлығы бір жерде орындалады. Қажылық – пендені тәубеге келтіріп, құналардан тазартатын құлшылық. Алла Тағала Құран Кәрімде: «(Ұа, иман келтіретіндер!) Аллаға шынайы тәубе етіңдер. Сонда Раббыларың жамандықтарыңды жойып, астанан өздерің ағатын жұмақтарға кіргізеді», – деген («Тахрим» сүресі, 8-аят). Сондықтан қажылық – өткеніне тәубе етіп, кешірім сұрайтын мекен.

Қажылық – жәннатқа апарар жол. Алла елшісі

(оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Бір ұрма (кіші қажылық) екінші ұрмаға дейінгі аралықта жасалатын құналарға кәффарағ, ал қабыл болған қажылықтың сауабы – тек қана жәннат», – деп сүйіншілеген (Мұсылим).

Қажылық – Арафат. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) күдін хадисте былай деген: «...Сенің Арафатта тұруына қатысты айтар болсақ, онда Алла Тағала періштелердің алдында мақтан тұтып, былай дейді: «Құлдарым жәннаттыңды қалап, Маған әр жақтан шашы ұйпалақтанған (жол жүріп, шаршап шалдыққан) күйде келді. Егер олардың құналары майда тастардың, жандыр тамшыларының және теңіз көбігінің санындай (көп) болса да, Мен оларды кешірем едім! Ұа, Менің құлдарым! Сендерге керішпін сый еттім!». Сол үшін кімде-кім аман-есен Арафатқа жетсе, оның күнәсі кешіріліп, дұғасы қабыл болады.

Осы орайда қажылықтың әдептеріне тоқталсақ. Біріншіден, қажылықты Алланың разылығы үшін ықыласпен орындау керек. Рия, атақ, мақтанудан аулақ болған абзал. Себебі Алла Тағала ықыласпен орындалған құлшылықты ғана қабыл етеді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Расында әрбір амал ниетке байланысты», – деген (Бұхари, Мұсылим).

Екіншісі, шынайы тәубе ету. Істеген күнәсі үшін өкініп, оған қайта оралмауға бел буады. Қазға еткен ораза, намазын орындайды. Пенденің ақысына кірген болса, алған мүл-дүниесін иесіне қайтарып, олардың разылығын алады. Гайбат айтқан болса, кешірім сұрайды.

Үшіншісі, біреудің аманаты болса оны иесіне тапсыру.

Төртіншісі, қарызынан құтылу. Борышкердің қарызын өтейтін қаражаты болмаса, онда оған қарыз берушінің рұқсатынсыз қажылыққа баруы мәкруһ саналады. Сондай-ақ оған кепіл болған адамның да рұқсатын алу керек. Егер қарызды ұзақ мерзімге алған болса, ол уақыттан бұрын қажылыққа шыға береді. Қарыз беруші оған тыйым сала алмайды.

Бесіншісі, қажылыққа барып келгеніне бала-шағасы, ата-анасы секілді нәпақа беруге міндетті адамдарды қаражатпен қамтамасыз ету. «Әл-Мухит» кітабында былай делінген: «Егер әйел, бала-шағасы, сондай-ақ нәпақа беруге міндеттелген адамдар оның қажылыққа баруын құптағандықтан, бірақ олардың құрлығына кетуіне ешқандай кәуіп болмаса, қажылыққа шығуының оқасы жоқ».


Алтыншысы, қажылыққа баратын қаражаты адал кәсіптен болуы. Өсім, харам акциялардан

тапқан, зұлымдықпен алынған қаражатпен қажылыққа барудан аулақ болу керек. Ондай қаражатпен қажылық парызы мойнынан түскенмен, мәбрур қажылық болмайды, қабыл болмауы да мүмкін. Яғни сауабы болмайды, алайда ақыретте қажылықты орындамады деген жазамен жазаланбайды.

Жетіншісі, сапарға сапалы, жақсылыққа демеу болатын адаммен шығу. Өйткені сапалы адам Алланы ұмытсаң, еске түсіреді, Алланы еске алсаң, көмектеседі. Бір нәрседен қорықсаң, жігерленеді. Әлсіреп қалсаң, аяққа тұруға көмектеседі. Қайғырып, мұңайсаң, сабырға шақырады. Сапарға шығып жатқанда жолдастарымен, көршілерімен қоштасып, олардан өзі үшін дұға етуді талап етеді. Сүннет бойынша қоштасып жатқанда: «Алладан саған діннің сақталуы, аманатқа берік болуды және соңғы сәтің қайырлы болуды сұраймын», – деп дұға етеді (Термизи, Әбу Дуғут). Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сапарға шығып жатқан адамға: «Алланың қорғауында, бақылауында бол (Алла жар болсын). Алла тақуалығыңды арттырсын, құналарыңды кешірсін және қайда болсаң да жүзінді жақсылық жаққа бағыттасын», – деп айтқан (Термизи).

Сегізінші, үйден шығарла екі рәкеғат намаз оқу. Бірінші рәкеғатында «Фатиха» сүресінен кейін «Кафирунды», екінші рәкеғатында «Ықыласты» оқиды («Ихия улуми әл-дин», 1/254). Намаз оқып болған соң екі қолын көтеріп, ықыласпен: «Ұа, Алла! Сапардағы жолдасың Оңтінсің! Сондай-ақ отбасымен, мал-дүниесімен, жолдастарымен қалған да Өзінсің. Бізді және оларды барлық апаттан, ауру-сырқаттан сақтағайсың. Ұа, Алла! Біз Сенен осы сапарымызда тілгілікті, тақуалықты және Өзін рәзі болатын іс-әрекеттер жасауымызды сұраймыз. Ұа, Алла! Біз Саған сапардың ауыртпашылықтары мен мұңлы көріністерінен, сондай-ақ отбасына, мал-мүлікке, бала-шағамға қаралы қайтуыңа Өзіңе сыйынамын», – деп дұға етеді.

Тоғызыншы, үйдің есігінен шығып жатқанда қайта деп дұға ету: «Алланың атымен, Аллаға тәуекел еттім. Алла Тағаланың күш-қуатынан асатын ешқандай күш-қуат жоқ. Ұа, Раббым! Мен адуасыннан немесе адастырылуынан, қорлаудан немесе қорлануынан, өзімнің қателесуімнен не қателікке ұшыратылуынан, зұлымдық жасауынан немесе маған зұлымдық жасалуынан және надандыққа болуынан немесе маған надандық жасалуынан Өзіңе сыйынамын. Ұа, Алла! Мен тәкаппарлану, даңдайсыну, біреулер көрсін не



естің деген мақсатпен шыққаным жоқ. Бәлкі қаһарыңнан сақтану, разылығыңды табу, парыз еткендеріңді орындау және Пайғамбарыңның (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетіне илесу ниетімен шықтым» (Термизи, Әбу Дуғут, Ибн Мәжа, Ахмад). Үйден шықпаса бұрын садақа берген жасырақ.

Оныншы, көлікке мінгенде «Зухруф» сүресінің 13-14 аяттарын оқу: «Мұны бізге бағындырған (Алла) Пәк! (Олай болмағанда), біз оған жақындай алмайтын едік. Әрі, расында, біз (өлген соң), сөзсіз, Раббымызға қайтамыз» (Мұхаммад Жамалуддин әл-Қасими, «Мәуизату әл-муминин мин ихия улумид-дин», 116-117).

Он бірінші, жолда, биікке көтерілгенде, төмен түскенде зікір, тәһлил, тәсбихты жиі айту және дәретпен журу.

Он екінші, жаман сөз, бұзақы іс және жанжалдан аулақ болу. Бұл – үйінен шығып қажылық амалдарын тәмамдағанда маңызды істердің бірі. Алла Тағала Құранда былай дейді: «Кім сол айларда қажылықты (ихрам байланып) міндеттенсе, онда қажылықта (жұбайымен) жақындасу, п а с ы қ т ы р (к ү н ғ а л а р), д а у - да м а й л а р (ж а с а у ғ а) б о л м а й д ы» («Бақара» сүресі, 197-аят).

Он үшінші, қаражатты жолда әлсіздерге, кедейлерге көмектесетіндей көбірек алу және ысырапсыз әрі қатты үнемделмей жұмсау. Өйткені «ысырапта жақсылық жоқ, жақсылыққа ысырап жоқ» делінген. Қажылыққа баратын жолға қаражат шығару Алла жолында жұмсаған болады. Бір дұғадан жеті жүз дұғаның есесі жазылады. Ибн Омар: «Қажылардың абзалы ниеті – халыс, нәпақасы – халал, сенімі мықты болғанды», – дейді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мәбрур қажылықтың сыйы – тек жәннат», – деген болатын. Сонда сахабалар: «Ұа, Алланың елшісі! Қажылықта жасалатын тілгілі қайсы?» – деп сұрайды. Ол: «Жақсы сөз, мұқтажды тамақтандыру», – деп жауап береді (Хаким).

Он төртінші, қажылыққа барар алдында білімді, дана адамдармен, бұрын қажылыққа барған адамдармен ақылданып, кеңес алу керек («Юбубу әл-манасик уә убубу әл-масалик», 49-56).

Он бесінші, қажылықтан келген адамға дұға жасау. Ибн Омардан жеткен риуаятқа былай делінеді: «Бір бала Пайғамбарымызға келіп: «Мен осы жылы қажылыққа баруға ниет етіп отырмын», – дейді. Алла елшісі онымен бірге жүріп оған: «Ұа, балақай! Алла сенің тақуалығыңды арттырсын, жүзінді жақсылыққа бағыттасын және қайғыңды сәйтсін», – деп дұға етеді. Бала қажылықтан қайтып келіп, Пайғамбарымызға сәлем береді. Сонда ол: «Ұа, балақай! Алла қажылығыңды қабыл етсін! Күннің кешірісін, жұмсаған қаражатыңның есесін толтырсын», – дейді» (Ибн Сунин, «Әмәлу әл-яуми уә әл-ләйла», 316). Әбу Hurayradan жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді: «Ұа, Алла! Қажыларды және олардың жарылық жатқандарын кешірім ет» (Нәуауи).

Алла Тағала қажылық сапарына аттанғалы отырған барша ағайынның қажылығын қабыл, құлшылығын жеңіл етсін!

Қажылық – ұлттар арасындағы теңдіктің іс жүзіндегі көрінісі. Өйткені мұсылмандар қажылық кезінде бай-кедей, білімді-білімсіз, ұстаз-шәкірт, барлығы да ихрам киімін киіп, бәрі бірдей ақ түсте жүреді. Сондықтан қажылық – мұсылмандар үшін сабыр мен талпынысты үйрететін үлкен мұқабна мектеп. Пенде осы мәзеттегі рухани рухтан арқылы нәсіпін тігітін тартып, бірін-бірі сыйлап, сыйпайлық танытады. Қажылық мұсылмандарды рухани тұрғыда байытып, жауапкершілік сезімін сездіретін – ұлы сапар.

Алла Тағала қажылық сапарына аттанғалы отырған барша ағайынның қажылығын қабыл, құлшылығын жеңіл етсін!

Батыржан МАНСУРОВ,
дін саласының маманы

ҚҰРБАН ШАЛУДЫҢ ТАРИХЫ ҚАНДАЙ?

Құрбан шалу адамзат тарихымен бірге басталған үрдіс. Адамзаттың атасы Адам атаның ұлдары Абыл мен Қабылдың арасында орын алған даудың шешімі құрбандық беру арқылы шешілген. Біз мұны Құран аяттары мен хадистерде баяндалған қиссалар арқылы біле аламыз. Жалпы Құран Кәрімде құрбан шалу оқиғалары туралы бірнеше жерде айтылған. Соларға қысқаша тоқталайық.



Біріншісі, Абыл мен Қабылдың құрбандығы. Алла Тағала былай дейді: «(Ұа, Мұхаммед) оларға Адамның екі ұлы туралы хабарды ақиқат түрде оқып бер. Ол екеуі құрбан шалғанда біреуінің қабыл болды да, екіншісінің қабыл болмады. (Құрбаны қабыл болмағаны екіншісіне) «Мен сені, сөзсіз, өлтіремін!» – деді. (Екіншісі) «Ақиқатында, Алла (ізгілікті) тек тақуалардан қабыл алады», – деді» («Мидә» сүресі, 27-аят).

Адам ата мен Хауа ананың балалары екі егіз болатын. Екі егіздің біреуі ұл, екіншісі қыз еді. Ұлдар ер жетіп, қыздар бой жеткенде Жаратқан Ие адамзаттың ұрпағын тарату

үшін егіздердің сыңарларын бір-біріне қосуды бұйырды. Яғни Абылдың сыңары Қабылмен, Қабылдың сыңары Абылмен тұрмыс құруы керек. Алайда Қабыл өзімен бірге туған егізіне үйленгенді қалайтын. Өйткені ол Абылдың егізіне қарағанда әлдеқайда көрікті, сұлу болатын. Бірақ та әкесі Адам өз шешімін өзгертеді. Інісінің егізіне үйленуден үзілді-кесілді бас тартты. Адам ата бұл мәселенің дұрыс шешімін қалай Жаратушы Алла Тағаладан тығарықтан шығар жол сұрап жалбарынды. Сонда Алла Тағала Адамға оның екі ұлының

құрбандық шалуы керектігін уақи етті. Аллаға жақындау мақсатында Қабыл өзі еккен егіннен, ал Абыл өзі бағып жүрген қойынан құрбандық беруі керек. Жаратқан Ие кімнің құрбандығын қабыл аласа, соның дегені болмақ. Ағайынды екеу құрбандықтарын бергенде Алла Тағала Абылдың құрбандығын қабыл алып, Қабылдың құрбандығын қабыл алмады. Осылайша дауға нүкте қойылды. Бұл адамзат тарихындағы Алла Тағала үшін берілген құрбандықтың ең әуелгісі болатын.

Екіншісі, Ибраһим мен Исмаилдың қиссасы. Құрбандық шалу дәстүрі – сонау Ибраһим (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбардан сүннет болып қалған амал. Ал оның негізі былай болған еді. Бір түні Ибраһим түсінде ұлы Исмаилды қолымен бауыздап жатқанын көреді. Пайғамбардың түсі – Алладан келген аяқ. Бұл түсінің мәні түсінебі Ибраһимнің басы қатады. Осы түсі ұйықтаған сайын қайталан берді. Бұл ол үшін өте қиын сынақ болады. Ұлы Исмаилға бұл туралы айтқанда ол: «Ұа, әкейт! Алланың әмірін орындай бер. Менің көзіме қарамауың үшін жүзімді басқа жаққа бұрғайсың. Мен Алланың тағдырына разымын. Оның әмірін екі етпеймін», – деп жұбатады. Ақыры, қиын іске бел буып, Мина аты жерге жеткенде әкесі Ибраһим ұлы Исмаилды бір тастың шетіне жантайтты. Ұлының аяқ-қолын соятын малдың аяғын байлағандай мықтап

байлады. Құрбандыққа қиғанда қиналып, аяқ-қолы қозғалып кетпесін деп солай істеді.

Ибраһим барлық күш-жігерін жинап, қанша қиын болса да баласын құрбандық етуге бел буды. Өткір пышақты қолына алды да, жалғыз ұлының тамағына апарды. Апарды да бар күшін жинап тартып жіберді. Бірақ пышақ өтпеді. Баласының тамағына дөңене де болмады. «Ұа, Раббым! Өзің кеше гөр. Пендене рахымдылық төге гөр. Нәсіміме ерік бер көрме», – деп күбірледі Ибраһим. Пышақтың өтпегені үшін өз-өзін жазғарды. Жүрегін елжіреп, дұрыс кеспеген болармын деп ойлады. Сөйтіп екінші мәрте тартып көрді. Бірақ пышақ тағы да өтпей қалды. Қайырымды әке пышақты қолына алып, үшінші рет тартып көрді. Бірақ еш өзгеріс болмады. Пышақ өтпей қалды.

Осы кезде аспандағы сан мыңдаған періштелер Алла Тағаладан карт пайғамбар мен оның ұлына рақым етуін тілеп, жалбарынып жатыр еді. Алла Тағала шексіз мейірім-шапағатымен олардың тілегін қабыл алып, Ибраһим мен Исмаилға Жәбірейіл періштені жәннаттан бір көк кошқырмен бірге түсірді. Жәбірейіл олардың жанына келіп: «Ұа, Ибраһим! Раббың саған: «Ұа, Ибраһим! Сен түсіңді дұрыс жорыдың. Ізгі жандарды осындай сыймен сыйлаймыз. Бұл – өте қиын сынақ. Біз саған ұлы бір құрбандық түсірдік», – деп сәлем жолдады. Ұлын екеуіне

рақым етіп, құрбандыққа шалуың үшін мына жәннаттың кошқырын түсірді», – деді.

Жәбірейілдің бұл сүйінші хабарын естіген әкесі мен баласы қатты қуанды. Аллаға мадақ айтып, шүкір етті. Сол кезден бастап осы күн мұсылмандардың айтулы мерекесіне айналды. Бұл – қасиетті Құрбан айт күні. Бұл оқиғайында Алла Тағала Құран Кәрімде былай дейді: «Сонда (Ибраһим) «Ұа, Раббым! Маған салмақтардан болатын (ұл) бер!» – (деді). Біз оны қайырымды үлкен қуанттық. Ұлы (Исмаил) өзімен бірге жүретін жасқа жеткенде: «Балақайым! Сені түсімде бауыздап жатқанымды көремін. Қара! Сен не дейсің?» – деді. Ол: «Әй, әкейтәйым! Өзіңе әмір етілгенді орында. Алла қаласа, мені сабырлы деп табарсың», – деді. Олар екеуі мойынсұнғанда, ол оны маңдайымен жапқызыды. Біз оны: «Әй, Ибраһим!» – деп шақырдық. «Сен түсіңді шындыққа шығардың. Біз ізгі іс істеушілерді осылай сыйнаймыз». Шынында бұл ашық сынақ еді. Біз оны (Исмаил) ұлы құрбандықпен ауыстырдық. Кейінгілерге ол (Ибраһим) үшін жақсы ат қалдырдық. Ибраһимге сәлем! Шынында ізгі іс істеушілерді осылай сыйлаймыз» («Сафат» сүресі, 100-109 аяттар).

Медет ҚҰРМАШҰЛЫ,
дінтанушы

МЕРЕКЕГЕ ОРАМ

«БАҚЫТТЫ БАЛА – БАҚЫТТЫ ЕЛ!»

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№4 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы» КММ -нің қызмет алушыларына арналған «Бақытты бала – бақытты ел!» атты ерекше мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Бұл күн – балалардың шаттыққа бөленетін, мейірім мен қамқорлыққа кенелетін ең қуанышты сәттерінің бірі.



Іс-шараның мақсаты – әлеуметтік орталықтағы қызмет алушыларға қуаныш сыйлап, олардың қоғамдағы орны мен құқығына назар аудару, сондай-ақ шығармашылығын қолдау. Балаларға арналған түрлі ойын-сауық бағдарламалар, ән мен биден көріністер, қызықты байқаулар мен концерттік номерлер ертеңгілігіміздің шырайын кіргізді.

Балғындар өз өнерлерін паш етіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Күлкі мен көтеріңкі көңіл күйге толы шарада кішкентай бүлдіршіндер еркін ойнап, достарымен жарысып, қуанышқа кенелді. Әр баланың жүзіндегі күлкі – ең үлкен жетістік.

Мерекелік күнге арнайы қонақтар мен демеушілер де шақырылып, балаларға тәттілер, ойыншықтар мен

қажетті заттар табысталды. Бұл – бала жүрегіне жылулық сыйлаған шынайы қамқорлықтың белгісі.

Орталық қызметкерлері мен тәрбиешілер балалардың жан-жақты дамуына үлес қосып, олардың жарқын болашағы үшін аянбай еңбек етіп келеді. Балаларға қолдау көрсетіп, оларға сенім ұялатып, махаббатпен қарай білу – үлкен жауапкершілік пен адамгершіліктің көрінісі.

Динара ДЖАРЫЛҚАНОВА,
Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№4 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы» КММ тәрбиешісі

ХАБАРЛАМА

11.07.2025 жылы сағат 12.00-де Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шу қаласы, К.Сәтпаев көшесі, 26 (ЖХК бөлімінің ғимаратында) «Меркі-Бурылбайтал» (км 7-273) республикалық маңызы бар автомобиль жолын қайта салу үшін қолданылатын Жамбыл облысы, Шу ауданында орналасқан «Камеш-Алтай», «ПГС Алтай» уәкесінде кен тараптан пайдалы қазбаларды 2025-2029 жылдары өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша II санаттағы объектілерге қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу бойынша материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.
Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шу қаласы, уәкесінің географиялық координаттары: 43°35'37,80" CШ, 73°59'02,00" ВД
әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43°35'39,36" CШ, 73°58'18,11" ВД

ОБЪЯВЛЕНИЕ

11.07.2025 г. в 12.00 часов, по адресу: Жамбылская область, Шуский район, г.Шу, ул. Сатпаева, 26 (Отдел ЖХК) будут проводиться общественные слушания методом открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на возведение для объектов II категории по проекту «План горных работ на добычу в 2025-2029 гг., общераспространенных полезных ископаемых на участке «Камеш-Алтай», «ПГС Алтай», расположенные в Шуском районе Жамбылской области, используемый при реконструкции участка автомобильной дороги республиканского значения «Мерке-Бурылбайтал» (км 7-273)).
Территория воздействия: Жамбылская область, Шуский район, г. Шу
географические координаты участка 43°35'37,80" CШ, 73°59'02,00" ВД
географические координаты территории воздействия 43°35'39,36" CШ, 73°58'18,11" ВД

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Көгершін ауылының қоғамдастық мүшелері!
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес 2025 жылдың 09 маусым күні, сағат 10:00 де Көгершін ауылдық округінің әкімшілік ғимаратында жергілікті қоғамдастық жиналысы өтетінін хабарлайды.

Көгершін ауылдық округінің әкімшілігі

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы 5513 әскери бөлімінен жарамдылық мерзімі 15.05.2023-15.05.2026 жылдар аралығындағы Сайлау Нұртылеу Бахтиярұлына берілген ОН №3042 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.